

## **"Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы шарт туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 маусым 1994 ж. N 615

Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 526 P930526\_ қаулысына сәйкес берілген шарттық аумақтың шегінде "Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны орындайтын мұнай операцияларын жалғастыру үшін, аталған аумақта өндірілетін көмірсутектерді барлауды, игеруді, тасымалдауды, ұқсатуды, экспорттау мен сатуды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген "Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы көмірсутектерді барлауға, игеруге, өндіруге, ұқсатуға және сатуға арналған Шарт мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволары, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының әкімдері "Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнын Заңда белгіленген тәртіппен жасалған шарттың шеңберінде барлық қажетті лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін. Сондай-ақ бірлескен кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелерді шешуге жәрдемдессін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны арасындағы мұнай барлауға, әзірлеуге, өндіруге, өңдеуге және өткізуге арналған Шартта көрсетілгендерге сәйкес және жоғарыда аталған Шартқа қосымша "Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны құқының сақталуын қамтамасыз етсін. <\*>

Ескерту. Қаулы 3-ші тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің  
1995.05.12. N 673 қаулысына сәйкес.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Қазақтүрікмұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны жұмысының орындалу барысына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК